БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 237 (9299) | 1953 жылғы 1 декабрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

*Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысты барынша күшейтулерін керек етеді.*

*(СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан)*

## Ауыл-селода саяси үгіт жаңа міндеттер дәрежесіне сай жүргізілсін

Коммунистік құрылыстың алда тұрған ұлы міндеттерін мінсіз жүзеге асыру күресіне еңбекшілер бұқарасын жұмылдырып және олардың бұл күреске белсенділігін үнемі арттырып отыру ісінде идея жағынан жоғары дәрежеде жүргізілген саяси үгіттің маңызы ерекше зор. Идея жағынан жоғары дәрежеде жүргізілген жауынгерлік саяси үгіт еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігін арттыра береді, олардың еңбекке деген ынта-жігерін күшейте түседі. Коммунистік партия еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде саяси үгітті негізгі құрал ретінде пайдаланып келеді. Сондықтан да қазір социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеті алға қойылып отырғанда ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында саяси үгіттің мейлінше өрістетілуін қамтамасыз ету—ең алдымен партия ұйымдарының басты міндеті болып саналады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында және Хрущев жолдастың осы Пленумда жасаған баяндамасында атап көрсетілгеніндей, еліміздің ауыл шаруашылығы ғылымының жетістіктері мен озат тәжрибенің өндіріске кең енгізілуі нәтижесінде жылдан-жылға ілгері дамып келеді. Осының негізінде егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетудің мәдениеті арта түсуде. Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру міндеті ойдағыдай шешілуде. Мұның барлығы колхоздарды, МТС-терді, совхоздарды жан-жақты нығайта түсіп, колхозшылардың және МТС, совхоз жұмысшыларының материалдық және мәдени дәрежесінің арта беруіне жағдай жасауда. Ал, бұл істе еңбекшілер арасында жүргізіліп келе жатқан нәрменді саяси үгіт жұмыстары айтарлықтай роль атқарып отыр.

Социалистік ауыл шаруашылығының барлық саласын өркендету үшін партия мен үкметіміз қажетті жағдайдың барлығын жасауда. Партия мен үкметіміздің бұл орасан зор қамқорлығы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан және бұл қаулыға байланысты ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің соңғы қаулыларынан айқын көрініп отыр. Бұл қаулылар ауыл шаруашылығын мықтап өркендетудің, совет адамдарының әл- ауқаты мен мәдени дә- арқылы совхоздың мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда игі табыстарға жетуіне келелі үлес қосты.

Саяси үгітті нәрменді жүргізе білген, оны шаруашылық міндеттермен тығыз ұштастырып, колхозшылардың еңбекке деген ынта-жігерін арттыра білген «Луч Ленина» (Петропавл ауданы), «Путь к коммунизму» (Преснов ауданы) колхоздарының үгітшілері де колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту, оларда егін және мал шаруашылығын өркендету күресіне өздерінің келелі үлестерін қосуда. Олар үгітшілерге жүктелген жауапты міндетті аброймен орындап келеді.

Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей емес. Көп бастауыш партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасына партия мен үкметіміздің ішкі және сыртқы саясатын түсіндіруде, әсіресе, сентябрь Пленумының қаулысын насихаттауда айтарлықтай жұмыс істей алмай келеді. Мұндай жағдай Булаев, Совет аудандарынан кездеседі. Совет ауданының «Игілік» колхозында үгітшілердің тізімі ғана бар. Олардың көпшілігі колхозшылар арасында үгіт жұмысын жүргізбейді. Жекелеген колхозшылар сентябрь Пленумының қаулысының мазмұнын әлі күнге жете білмейді. Бастауыш партия ұйымы бұл қаулыны колхозшыларға түсіндіруді үгітшілерге жүктеумен ғана тынып отыр. Үгітшілердің жұмысты қалай жүргізіп жатқанын тексеріп, бақылап отырмайды. Ал, аудандық партия комитеті, әсіресе, оның үгіт және насихат бөлімі бұл колхоздағы осы елеулі кемшілікті біле тұрса да, онда саяси үгіт жұмысын жақсартуға нақтылы басшылық жасамай отыр.

Еңбекшілер арасында жүргізілетін саяси үгіт жұмыстарына бұлай қарауға болмайды. Саяси үгітті елемеушілік, оны науқаншылдықпен өткізу сияқты фактілерге қарсы батыл күрес жүргізу қажет. Саяси үгіт маусымды жұмыс емес, ол еңбекшілер арасында үнемі жүргізілуі керек. Бұл жұмысқа аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары үнемі қамқорлық жасап, басшылық етіп отыруға тиіс.

Саяси үгіттің алуан түрлері бар. Мәселен, еңбекшілер арасында өндірістік ке- ңес өткізу, жеке, немесе, бүтін [illegible]

## Мал қыстатуды үлгілі өткізу—аса маңызды міндет

☆

### Кемшіліктерге төзіп отыр

«Пламя» колхозы Октябрь ауданындағы мал шаруашылығы басым колхоздардың бірі. Мұнда 5 мыңнан астам мал басы бар. Бірақ, қоғамдық мал жеткілікті жемшөп және жайлы қоралармен қамтамасыз етілмеді. Мұның себебі — колхоз басшылары мал қыстатуға әзірлік жұмысына нашар басшылық жасады. Соның салдарынан ескі мал қораларын жөндеу, жаңадан қора салу ісі қанағаттанғысыз жүргізілді. Бұл жұмысқа бөлінген арнаулы құрылыс бригадалары өздеріне берілген тапсырманы орындамады. Мал қоралары түгел жөнделмегендіктен, қазіргі уақытта 150 бас сиыр малы колхозшылардың үйлеріне таратылып берілді.

Колхозда жемшөп қоры да аз. Жоспар бойынша дайындалуға тиісті 45 мың центнер шөптің 23 мың центнері ғана дайындалды. Бұл малға март айына дейін ғана жетеді. Мұнда қыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ жемшөп малға ұқыпсыз беріледі. Азық рационы белгіленбеген.

Жемшөптің жеткіліксіз болуына қарамастан егін алаңының сабанын жыйнауға жете көңіл бөлінбеді. Жыйналуға тиісті мал азығының бұл түрінің жартысы да маяға салынбаған. Ал, жеткізіліп алынған сабан орынсыз пайдаланылып, рәсуә болуда.

Қардың қазіргі жұқа кезінде алыстағы және шөмеледе тұрған сабанды тасу орнына, маяда тұрған сабан тасылуда. Бұған бөлінген 40 көлік, 5 трактордан, 14 көлік пен екі трактор ғана жұмысқа қосылған.

Азықты малға әзірлеп беруге қолда бар техника қуаты толық пайдаланылмайды. Дән үккіш, сабан турағыш және буландырғыш машиналар әлі күнге дейін босқа қарап тұр.

Колхоз председателі Сенькин жолдас жоғарыда аталған кемшіліктерді біле тұра, оны жоюға ешқандай нақтылы шаралар қолданбай келеді.

Қоғамдық малды жайлы қора, мол жемшөп қорымен қамтамасыз етудің барлық жолдарын қарастыру —колхоз басшыларының бүгін таңдағы басты міндеті.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,**
(Өз тілшіміз).

☆

### Мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін күресеміз

Біздің колхоздың колхозшылары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіп, социалистік жарысты күннен-күнге кең өрістетіп келеді. Колхоз мал өсірушілерінің көздеп отырған мақсаты— қыстан малды әрі күйлі, әрі шығынсыз алып шығу болып отыр.

Колхозда быйыл мал қыстатуға әзірлік жақсы жүргізілді. Мал өсірушілер ең алдымен барлық түлікті құнарлы жемшөппен және жайлы қоралармен қамтамасыз етуге ерекше назар аударды. Осының нәтижесінде қыстың алғашқы күнінен бастап қолда күтілетін мал ауасы кең, жарығы мол, жайлы қораларға алынып, қажетті азықпен қамтамасыз етілді.

Мен бірнеше жылдан бері сиыр фермасында жұмыс істеп келемін. Өткен жылы біздің фермада елеулі кемшіліктер болды. Атап айтқанда, ферма коллективі қысқа әзірлікті кезінде жүргізе алмады. Мал қоралары ұқыптылықпен жөнделмеді. Шөп пен сабанның көпшілігін мал базасына қыс күндері тасыйтын болдық. Мұның барлығы малдың уақытында азықтандырылмауына әкеліп соқты. Сөйтіп, мал азығы жеткілікті бола тұрса да, оны уақытында тасып бермегендіктен бірсыпыра мал қыстан жүдеп шықты.

Біз осы айтылған кемшіліктерден быйыл тиісті қорытынды шығардық. Жаздың жайлы күндерінде мал қораларын толық жөндеуден өткізіп, оны мал қыйынан тазарттық. Сауын сыйырларға арнап жаңадан қора салдық. Сонымен барлық малға қора жеткілікті болды. Дайындалған шөп, сабан мен топан, сүрленген шөп және әзірленген концентрат азығы қысқа молынан жетеді. Фермаға керекті шөптің, сабан мен топанның 80 проценті қазірдің өзінде базалардың жанына тасылып алынды. Тасылмаған шөп пен сабан базаларға жақын жерде, оларды жаңа жылға дейін тасып аламыз.

Өткен жылы малға азықты норма бойынша беру тәртібін көп реттерде сақтамадық. Бұл біздің фермада болған елеулі [illegible] болып саналады. Бұлар сауын сыйырлардан қысты күндері де сүтті жазғы күндердегіден кем алмау үшін сыйырларды мәпелеп күтеді, кезінде жемшөбін беріп, суарып отырады. Сыйырлардың жататын орындарының таза болуына назар аударып, олардың төсегін жиі ауыстырып тұрады.

Сауыншы Анна Бек жеті жылдан бері үзбей фермада жұмыс істеп келеді. Оның мал күтуде, әсіресе, сиыр саууда тәжрибесі мол. Көп жас сауыншылар одан мал күту, сиыр сауу тәртібін үйреніп келеді. Анна Бек жолдастың өзі де жас сауыншыларға көмектесіп, ақыл айтып отырады.

Быйыл мал күтушілерге арнап базаның жанынан жаңадан тұрғын үйлер салынды. Мал өсірушілер ауқатты, мәдениетті тұрады. Барлық малшылар дерлік газет, журналдар алдырады. 1954 жылға жаңадан көптеген газет, журналдарға жазылдық. Үгітші Калила Шайхитдинова жолдас үгіт жұмысын үздіксіз жүргізіп отырады. Кейде газеттерден қызықты мақалаларды дауыстап оқып береді. Озат мал өсірушілердің тәжрибелерін оқып, ферма коллективін солардай жұмыс істеуге шақырады. Әрбір мал өсірушінің социалистік жарысқа қабылдаған міндеттемелерінің орындалуына ұйымдастырушы, жетекші болады. Сондықтан біз оны құрметтейміз.

Дегенмен, біздің жұмысымызда әлі де болса кемшіліктер жоқ деп айта алмаймыз. Сиыр малының жалпы санына қарағанда сауын сыйырлары аз. Сонымен бірге, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы күресіміз де тиісті дәрежеде емес. Колхозда мемлекетке ет тапсыру жоспары артығымен орындалды. Бірақ, сүт сауу және сүт тапсыру жоспары әлі орындалған жоқ.

Тағы бір елеулі кемшілік стандартты қоралардың жоқтығы болып отыр. Мұндай қоралардың жоқтығынан малды азықтандыру, сиыр сауу жұмыстары механикаландырылмай келеді. Мұның өзі көп жұмысты қолмен істеуге мәжбүр етіп, еңбек өнімділігін арттыруға айтарлықтай мүм-

☆

### Мал шаруашылығына басшылық нашар

Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жыл сайын артта қалып келеді. Быйыл мұнда мал басын өсірудің мемлекеттік жоспары бірде- бір түліктен орындалған жоқ. Қолда бар малдардың өнімі өте-мөте төмен болды. Мұны дәлелдеу үшін әрбір қойдан қырқылған жүннің мөлшері жоспардағының үштен бір ғана бөлігі екенін, ал, әрбір сыйырдан 10 айдың ішінде орта есеппен 684 литр сүт сауылғанын айтудың өзі жеткілікті. Мұның себебі неде? Ол, алдымен, колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымының мал шаруашылығына басшылықты мүлдем нашарлатып отырғанында, малды күтіп бағу жұмысының бетімен жіберілуінде болып отыр.

Быйыл колхозда шөп шабу жоспары 27,5 процент, сабан, топандарды жыйнау, маялау жоспары 8,6 процент ғана орындалды. Мал қоралары сапасыз жөнделді, бұзаулар қоралары жөндеуден өткізілмей-ақ, суық түсісімен оларға бұзаулар енгізіле салынды. Бұл сияқты кемшіліктер мал қыстатудың алғашқы күндерінде- ақ мал шаруашылығына өзінің кері әсерін тигізді. Мәселен, сауын сыйырлар қолда күтіле бастаған алғашқы күннен бастап тек сабанмен ғана азықтандырылып келеді. Сондықтан олардың сүт беруі мүлдем азайып кетті. Ал, жөнделмеген қораға бағылған бұзаулардың ішіндегі кейбір қоңы төмендері алғашқы суықты көтере алмай, шығынға ұшырады.

Мал шаруашылығындағы осындай төзгісіз жағдай колхоз председателі Зиновьев пен бастауыш партия ұйымының секретары Ушаков жолдастарды қыйжылтар емес, Олар дайындалған мал азығын қоралар жанына тасуды, мал қораларын жылытуды әлі де нашар ұйымдастырып отыр.

Мал шаруашылығына басшылық жасаудағы мұндай кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Олай болса «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының басқармасы мен бастауыш партия ұйымы шаруашылықтың бұл саласына басшылықты жақсартып, барлық күшті, малдың қыстан шығынсыз және қоңды шығуына мүмкіл-

нақтылы программасы болып саналады. Сондықтан да бұл қаулыларда алға қойылған міндеттерді еңбекшілер бұқарасына жете түсіндіруде әлі де көп жұмыстар істелуі керек.

Облысымыздың партия ұйымдары сентябрь Пленумының қаулысын еңбекшілер бұқарасына түсіндіруде едәуір жұмыс істеді. Мысалға Мамлют асыл тұқымды мал совхозы партия ұйымының жұмысын алайық. Бұл партия ұйымының жанындағы үгіт коллективінің құрамында 33 үгітші бар. Олардың барлығы іріктеліп алынып, партия бюросының мәжлісінде бекітілген. Үгіт коллективі өзінің жұмысын жоспар бойынша жүргізеді. Партия ұйымы бұл коллективтің айлық жұмыс жоспарын бюро мәжлісінде бекіткеннен кейін, оның орындалуын бақылап, басшылық жасап отырады. Үгітшілердің барлығы да партия оқуына қамтылған. Газет және журналдармен, саяси және әдебиет кітаптармен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етілген. Сөйтіп, үгітшілердің совхоз коллективі арасында саяси үгітті кең көлемде және идеялық жоғары дәрежеде жүргізуіне барлық жағдай жасалған.

Бұл совхоздағы үгітшілердің көпшілігі мал өсірушілер арасында жұмыс істейді. Олар мал шаруашылығын шұғыл өркендету, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде сентябрь Пленумының қаулысында алға қойылған міндеттерді мал өсірушілерге байыпты түрде түсіндіріп, насихаттайды. Совхоздағы озат үгітшілердің бірі коммунист Г. Клюев жолдас. Ол № 2 ферманың үшінші табынында істейді. Клюев жолдас озаттардың тәжрибесін сауыншылар арасында насихаттау газет, журнал, саяси әдебиет және шаруашылық тақырыптарда жазылған кітаптарды оқу, көрнекі құралдарды пайдалану, оларды көрсету және басқалары. Міне, саяси үгіттің осы сияқты толып жатқан түрлері мен әдістерін кең көлемде жүргізіп отыру —бастауыш партия ұйымдарының, олардың жанындағы үгітшілер коллективтерінің маңызды міндеті.

Бастауыш партия ұйымдары саяси үгіттің идеялық дәрежесіне, өндірістік міндеттермен тығыз байланыстырыла жүргізілуіне, еңбекшілердің белсене қатысуымен өткізілуіне айырықша назар аударулары керек. Алда тұрған өндірістік міндеттермен ұштастырыла жүргізілген саяси үгіт өзінің игі нәтижесін беретіндігі тәжрибеден көрініп келеді.

Үгітшілердің міндеті тек әңгіме өткізумен, немесе, дауыстап газет оқумен бітпейді. Олар қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктарды шығарысуға, көрсеткіш тақталарын ұйымдастыруға, социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырып отыруға міндетті.

Үгітші өзінің жалынды үгітімен бірге қажырлы өнегімен де басқаларға үлгі көрсетуге тиіс. Үгітшінің өзі алдыңғы қатарда болса, басқаларға үлгі көрсете білсе ғана оның үгіті әсерлі болатыны мәлім.

Партия ұйымдарының міндеті —еңбекшілер арасында саяси үгітті кеңінен өрістете отырып, сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілген ұлы міндеттерді мінсіз жүзеге асыру. Ауыл- селода жүргізілетін саяси үгіт осы міндеттердің дәрежесіне сай болуы керек.

## Шөп тасудың озаттары

Пресңов ауданы, Абай атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері даладағы жемшепті мал қыстайтын орындарға тасып алу жұмысын қызу жүргізуде. Бұл жұмысқа бөлінген колхозшылар еңбек өнімділігін арттыра отырып, жақсы табыстарға жетіп келеді. Мәселен, колхозшылар Ө. Зәкірин, Қ. Мәліков, А. Қайдауылов жолдастар күн сайын 200 центнерден шөп тасып үйеді.

Колхозшыларға Баян МТС-нің механизаторлары белсене көмек көрсетуде. Кәзір мұнда «ДТ—54» тракторымен шөп тасылып жүр. Тракторшылар Ж. Құсайынов, Р. Елэукин жолдастар шөп тасуда күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді.

Шөп тасушылар бүкілхалықтық мереке —ССРО Конституциясы күніне дейін бұл аса маңызды жұмысты аяқтап шығуға міндеттенген еді. Олар міндеттемелерін мүлтіксіз іс жүзіне асыру үшін өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуде.

Т. ҚАЛИЕВ.

осы кемшіліктің фермада орын алмауы үшін күресудеміз. Қыстың алғашқы күнінен бастап, малға шөпті тиісті норма бойынша беруге көңіл бөліп келеміз. Норма бойынша берілген азықты мал қалдырмай, тойына жейді. Ал, нормадан тыс берілген азықты шашып, ысырап етеді. Сонымен көп азық орынсыз жұмсалады. Осындай қолайсыз жағдайдың болмауы үшін малды азықтандыруға ұқыпты қарау—мал күтушілердің жауапты міндеті

Біздің фермада 430 сиыр бар. Мұның 118-і сауылатын сиыр. Сауын сиырлар ерекше күтімде. Оларды күтуге мал бағуда тәжрибесі бар адамдар бөлінді. Үстіміздегі қыста бізде 190 сиыр бұзаулайды. Бұзау алуға әзірлігіміз жақсы. Төл қорасы жеткілікті. Бұзауға берілетін құнарлы жемшөп бөлек үйіліп қойылды.

Колхоз басқармасы сиыр фермасына 12 адам бөлген болатын. Кәзір сол 12 адам жұмыс істейді. Сауыншылар Шекер Өміржанова, Әлия Айтжанова, Анна Бек жолдастар фермамызда озат мал өсірушілер

Біздің колхозда осы айтылған кемшіліктерді жоюға мүмкіншілік бар ма? Әрине, толық бар. Колхоз басшылары қолда бар мүмкіншілікті пайдалана отырып, алдағы жылы стандартты қоралар салу, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлулері керек.

Мал қыстату —мал басын өсірудің шешуші кезеңі екендігі бізге мәлім. Біз, малшылар колхоз малын қыстан әрі шығынсыз, әрі күйлі алып шығу үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Алайда, айта кететін бір мәселе—колхоз басқармасы мал фермаларында жұмыс істеп жүрген малшылар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастырып, олардың өнімді еңбек істеуіне мүмкіншілік туғызса екен дейміз.

Ж. БАЙКИН,

Совет ауданы, «Еркіндік» колхозының малшысы.

Б. АҚТАНОВ.

## Комсомолецтердің табысы

«Прогресс» колхозы (Полудень ауданы) комсомол ұйымының комсомолецтері Н. Чепелюк, М. Анисина, А. Рыбалкина, Т. Фокина жолдастар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының мал шаруашылығына күнбе-күн қамқорлық жасап, мал өсірушілер қатарын коммунистер мен комсомолецтер есебінен толықтырып отыру жөніндегі нұсқауына жауап беру үшін фермада жұмыс істеуге тілек білдірді. Колхоз басқармасы комсомолецтердің бұл орынды тілектерін мақұлдады.

Кәзір Чепелюк, Анисина, Рыбалкина, Фокина жолдастар мал күтеді. Олар адал еңбегімен де, жалынды үгітімен де басқаларға үлгі көрсетуде. Осының нәтижесінде колхозда малдың күтімі жақсы. Мал азығын белгіленген норма бойынша жұмсау тәртібі қатаң сақталып келеді.

Б. ЖӘКЕНОВ.

# Мал азығы қорын жасаудың кейбір мәселелері туралы

* * *

**А. ЗАКИРЧЕНКО,**
**Ауылшаруашылық ғылымының кандидаты**

* * *

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына мал шаруашылығын өркендетудегі басты шаралардың бірі —мал азығының берік қорын жасау міндетін қойды. Қоғамдық малды жай пішенмен, құнарлы жемшөппен, тамыртүйнек жемістермен, сүрленген шөппен, дәнді азықтармен толық қамтамасыз ету—мал басын көбейтуді ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерін арттыра беруге де жағдай туғызады.

Біздің облыстың жағдайында малды пішенмен және көкшөппен қамтамасыз етудің негізгі көзі шабындықтар мен жайылымдық участоктер болып табылады. Олар бізде өзінің көлемі жағынан жеткілікті, бірақ, алынатын өнім өте- мөте аз болып жүр. Мәселен, ауа райының қолайлы жылдарының өзінде табиғи шабындықтардың гектарынан ең көп дегенде 8 центнерден пішен жиналады. Ал, жайылымдықтардың гектарынан бар болғаны 35—40 центнер көкшөп пайдаланылады. Табиғи шабындықтардың өнімді аз беруі колхоздар мен совхоздарда шөп шабу жоспары гектар есебімен орындалса да, өнім жағынан жылма- жыл орындалмай қалуына әкеліп соғып жүр.

Табиғи шабындықтар мен жайылымдықтардағы өнімдердің мұншалықты аз болуының себебі —бұл участоктерді күтіп баптау, минералдық заттармен қосымша қоректендіру сияқты шаралардың мүлдем жүргізілмеуінен болып отыр. Облыстың көптеген колхоздары мен совхоздарының басшылары, олардағы агрономдар мен зоотехниктер бұл жұмысқа әлі жете мән беріп отырған жоқ. Қоғамдық малдарды мол дайындалған пішенмен, шөбі шүйгін жайылымдықтармен қамтамасыз ету үшін бұл кемшіліктерді бұдан былай қайталамау керек. Келесі жылдың көктемінде шабындықтар мен жайылымдықтарды минералдық тыңайтқыштармен тыңайтып, тырмалау жұмыстарын тыңғылықты жүргізген жөн. Оларды тыңайтуда әрбір гектарға 100 килограмм сульфат, аммоний, немесе, 10—12 тонна қарашірік енгізу қажет. Бұдан кейін жерді ауыр тырмамен екі рет тырмалау, немесе, табақты лущильникпен өңдеу керек. Мұндай агротехникалық шараларды қолдану шабындықтардың гектарынан ең кемі 13 —14 центнер пішен жинауды және жайылымдықтардың шөбінің шығымын бұрынғыдан екі есе молайтуды қамтамасыз етеді.

Бізде мал азығының мол қорын жасаудың тағы бір негізгі көзі —көпжылдық шөп егісі. Облыс колхоздары мен совхоздарында көпжылдық шөптің ең көп егіліп жүрген түрі —көгентамырсыз бидайық. Ол өзінің биологиялық қасиеті жағынан суыққа және құрғақшылыққа өте шыдамды. Көгентамырсыз бидайықты егудің тиімділігін Мамлют ауданы колхоздарының тәжрибесінен айқын көруге болады. Мұнда соңғы он жыл ішінде аудан колхоздары бойынша көгентамырсыз бидайық егісінің гектарынан жыл сайын орта есеппен 13 центнерден өнім жиналды. Ал, бұл уақыттың ішінде табиғи шабындықтардың гектарынан алынған пішен өнімі 8 центнерден аспайды.

Көгентамырсыз бидайық егісін егу, күтіп баптау, жинау жұмыстарының агротехникасын дұрыс қолданған «Заря коммунизма», «Индустрия» колхоздары оның әрбір гектарынан жыл сайын 15—16 центнер өнім алып келеді. Үстіміздегі жылы «Заря коммунизма» колхозы бидайық егісінің кейбір участоктерінің гектарынан 29 центнерден, Вильямс атындағы колхоз —28 центнерден, Каганович атындағы колхоз —25 центнерден өнім алды.

Аталған колхоздар бидайық егістерін сапалы дайындалған жерлерге, жоғары сортты тұқыммен екті. Тұқым себу нормасын дұрыс сақтай отырып, әрбір гектарға 25—30 килограммнан тұқым сіңірді. Егістікті көктемде, жазда күтіп- баптау, күзде өнімін жинау жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастырып отырды.

Үстіміздегі жылы аудан колхоздары бидайықты «Сталинец—6», немесе өздігінен жүретін «С—4» комбайндарымен, хедерді бидайықтың дәнін ғана қамтитындай етіп, жоғары қойып шабуды, бидайықтың сабағын комбайндарға тіркелген шөп машиналарымен шабуды ұйымдастырды. Бидайықты мұндай әдіспен жинағанда комбайнның астық бастыратын аппаратының жұмысы көп жеңілдейді, тұқымдық дәннің ысырапсыз жиналуына мүмкіндік туады және бидайықтың сабағын шабу қат- қабат жүргізіліп, жұмыс уақыты, трактор күші және жанар, жағар майлардың жұмсалуы едәуір үнемделеді.

Бидайықты осы әдіспен жинаған Мамлют ауданының бірқатар колхоздары биыл бидайық тұқымын өткен жылдардағыдан әлде қайда көп жинады. Тек Интернационал МТС-нің қамтуындағы 6 колхоз бидайық тұқымын мемлекеттік дайындау орнына тапсырудан 1457 мың сом ақшалай кіріс алды. Бидайық тұқымын көп өндіріп, мемлекеттік дайындау орнына тапсырғаны үшін, ССРО Министрлер Советінің 1950 жылғы 13 августағы қаулысына сәйкес «Заря коммунизма» колхозының председателі Китаев және осы колхоздың егіс бригадаларының бригадирлері Курыщев, Байшуақов жолдастардың әрқайсысы 7,2 мың сомнан қосымша ақы алды. Осы сияқты, «Заря коммунизма», «Зерновая фабрика» колхоздары беде тұқымын дайындауда да елеулі табыстарға жетті.

Облыстың колхоз, совхоздарында мал азығының берік қорын жасау үшін біржылдық шөп—могар мен судан шөбін егудің де зор маңызы бар. Өзінің өнгіштігі жағынан бұлар көпжылдық шөптерден анағұрлым тиімді. Мамлют асыл тұқымды мал совхозы өткен жылы біржылдық шөп егістерінің гектарынан орта есеппен 20 центнерден өнім жинады. Биыл аудан колхоздары бұл өсімдіктерден бірінші рет тұқым ала бастады. Рас, могар мен судан шөбінің гектарынан алынып отырған тұқымның мөлшері кәзір өте аз. Дегенмен, біздің облыстың жағдайында бұл өсімдіктердің тұқымы толық жетіле алатыны тәжрибе жүзінде анықталды.

Малды сүрленген құнарлы және тамыр-кеміс азықтармен азықтандыру мал шаруашылығы өнімділігін, әсресе, сиырлардың сүттілігін арттыруға өте пайдалы. Облыстың колхоздары мен совхоздарында сүрленетін негізгі дақыл бұл уақытқа дейін күнбағыс болып келді. Бірақ, бұдан алынатын өнімнің өзі өте төмен болып жүр. Сонымен бірге, колхоз, совхоздар сүрленетін басқа дақылдарды егумен өте аз шұғылдануда. Бұл жөнінде кейбір ауыл шаруашылығы мамандары «біздің облыстың жағдайында сүрленетін басқа дақылдарды өсіруге болмайды» дегенді айтады. Әрине, бұл дұрыс емес.

Мамлют ауданындағы Вильямс атындағы арнаулы тұқым шаруашылығының агрономы Самарин жолдастың тәжрибе жұмысы біздің облыстың жағдайында жүгері өсіруге және одан сапалы тұқым алуға болатындығын дәлелдеді. Ал, жүгері өзінің өнімділігі мен құнарлылығы жағынан сүрленетін дақылдардың бәрінен де тиімді. Сондықтан жүгері егу жұмысымен облыстың барлық колхоздары мен совхоздары шұғылдана отырып, оны тек сүрлеуге ғана пайдаланып қоймай, сонымен бірге, одан жақсы сортты тұқым алатын болулары керек. Бұл үшін біздің облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында мүмкіншілік бар.

Жүгері дақылынан өнімді мол алу үшін ауыл шаруашылығының мамандары, әсресе, агрономдар, зоотехниктер, оны егу, күту, жинау жұмыстарындағы агротехникалық ережелерді, творчестволық инициативаларды өндірісте кеңінен енгізулері қажет. Олар бұл жұмыста да ұйымдастырушы болуға тиіс.

## Г. М. Маленковтың Великобританияның елшісі сэр Уильям Хэйтерді қабылдауы

Осы жылғы 28 ноябрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Великобританияның елшісі сэр Уильям Хэйтерді қабылдады.

Қабылдауға ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов қатысты,

## Туысқан республикалардың әдебиетін зор ықласпен оқуда

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). 22 ноябрьде облыстық кітапханада чехословак әдебиетінің көрмесі ашылды.

Жетісудың еңбекшілері халықтық демократия елдерінің әдебиетін зор ықыласпен оқуда. Облыстық кітапхананың біржарым мыңнан аса кітап оқушылары соңғы жылдардың ішінде Чехословакияның халық батыры Юлиус Фучиктің шығармаларымен танысты. Талдықорған ауданы, «Заря коммунизма» колхозының сауыншысы Нина Покрыш және оның досы Мария Афанасьева, Мария Пуймонова мен Мария Майерованың орыс тіліне аударылған барлық шығармаларын оқыды. Кәзір олар Алена Бернашкованың «Жол ашық» деген кітабын оқуда. Талдықорған қалалық байланыс конторының телефоншысы Нұржамал Құдайбергенова, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының қызметкері Мұқыш Смағұлов чехословак және болгар жазушыларының бірқатар шығармаларын оқыды. Талдықорған МТС-нің тракторшысы Михаил Шахворостовтың, қалалық өнеркәсіп комбинатының цех бастығы Михаил Луневтің, облыстық сауда бөлімінің инспекторы Фаина Хисматуллинаның, Текелі тұрғын үйлер комбинатының жұмысшысы Василий Николаевтың оқыған кітаптарының тізімінде совет авторларының ондаған кітаптарымен қатар қытай жазушылары Дин Лин мен Чжоу Ли-боның романдары бар. Неміс жазушысы Анна Зегерстің, румын жазушысы Михаил Садовянудың шығармаларын кітапханалардан керекті уақытында табу қиын. Бұл кітаптар әрқашан да оқушылардың қолында болады.

Кешкі марксизм- ленинизм университетінің насихатшылары мен тыңдаушылары, жоғары оқу орындарында сырттан оқушылар Мао Цзэ -дунның еңбектерін, әсресе, оның философиялық еңбектерін көп пайдаланады.

Кітап оқушылардың тілектерін қанағаттандыру үшін облыстың кітапханалары әдебиет кештерін, халықтық демократия елдері жазушыларының шығармаларына шолу жасау жұмыстарын ұйымдастыруда.

*КИНО*

# „ДҰШПАНДАР"

Облыс кино-театрларының экрандарында көрсетіліп жатқан «Дұшпандар» атты көркемсуретті екі сериялы фильм пролетариаттың ұлы жазушысы А. М. Горькийдің «Дұшпандар» драмасы бойынша жасалған. Горький өзінің бұл драмасында бірінші орыс революциясы дәуіріндегі шиеленіскен тап күресін, жұмысшы табының өскелең моральдық күшін шеберлікпен суреттейді. Шығармада қанаушы таптардың әрбір өкілдері өлтіре сыналады. Мұны фабрика директоры Скроботовтың қимылдарынан байқауға болады. Ол орыс халқын мейлінше жек көреді. Революцияшыл демократтар Чернышевский, Добролюбов, Белинскийлердің ой-пікірлерінен қатты сескенеді. Фабрика қожасы мен жұмысшылардың арасында болған күрес пролетариаттың патша самодержавиесіне қарсы күресінің бір бөлімі ретінде айырықша көзге түседі.

Картинада Коммунистік партияның өкілі Синцовтың бейнесі әсерлі көрсетіледі. Ол жұмысшылардың революциялық күресін ұйымдастырушы, айқын ойлы, тұрақты мінезді, өз ісінің ақырында жеңіп шығатындығына әбден сенген тәжрибелі насихатшы. Синцовтың ролін ойнаған артист В. Ильич табанды большевик, қажырлы адамның жарқын образын ойдағыдай жасаған.

Жас жұмысшы Греков большевик Синцовтың ең жақын көмекшісі. Ол арқылы жұмысшылар арасына жасырын түрде революциялық әдеби кітаптар таратылып тұрады. Бұл екеуі жұмысшы қозғалысының негізгі күші — жеке террор жолы емес, құралды көтеріліс екендігін жете түсінген.

Жұмысшы Рябцовтың қимылынан өз табының ісі үшін өмірін қиюға да әрдайым дайын тұрған адамның бейнесі көрінеді.

... 1905 жыл. Скроботовтың тоқыма фабрикасындағы жұмысшылар ауыр азапқа шыдай алмай, фабрика директорынан өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуды өтініп, экономикалық талаптар қояды. Сонымен бірге, жұмысшыларды ұрып-соғып, жәбірлік көрсеткен мастер Дичковты жұмыстан босатуды талап етеді. Директор олардың талаптарын орындаудан бас тартады. Сондықтан ашу кернеген жұмысшылар ереуілге шығады. Директор қозғалысты басу үшін құралды әскер шақыртады. Шыдамдылық шегінен шыққан жұмысшылардың бірі Скроботовты атып өлтіреді. Жандарм фабрикадағы адамдарды жиғызып, жауап алады. Сол кезде жұмысшылар ақылдасып, директорды өлтірген белсенді революцияшыл жұмысшы Акимовты сақтап қалу үшін оның орнына Рябцовқа «директорды өлтірген мен» деп өзі барып мойындауға ақыл береді. Рябцов жандармдардың алдында сескенбестен жауапкершілікті мойнына алады. Жолдасын өлімге қия алмаған Акимов «директорды атқан ол емес, мен» деп біртоп жұмысшының ортасынан шыға келеді. Картинаның ақыры фабрикадағы көптеген жұмысшылардың түрмеге жабылуымен аяқталады.

Картинада орыс қызы Надяның бейнесі біртіндеп даму жағдайында көрсетілген. Алғашқы кезде ол капиталистік қоғамдағы тап қайшылықтарын түсіне алмайды. Надя өзінің туысқандарының қанаушы адамдар екендігін, олардың жауыздық әрекеттен байтындығын көзімен көріп, сезгеннен кейін өз табының ортасынан қол үзуге бел байлайды. Ол жұмысшылардың ауыр тұрмысын біліп, оған қатты жаны ашиды. Алайда, ашық түрде ол әлі де болса революциялық жолға түсе алмайды. Фильмді көрушілер Надяның келешекте халық үшін қызмет ететін белсенді күрескер болатындығына толық сенеді.

Қарт жұмысшы Левшиннің ролін ойнаған РСФСР-дің халық артисі А. Ларинов бірінші орыс революциясында қатардағы жұмысшының сана-сезімінің өсіп жетілгендігін шеберлікпен көрсете білген. Алғашқыда Левшиннің сана-сезімінде әлі де болса ескіліктің қалдығы бар екендігі байқалады. Революциялық күреске қатынасу арқылы ол капиталистік қоғам адам баласына бақытты өмір бермейтіндігін, капиталистердің баю жолында қандай зұлымдықтан болса да тайсалмайтындығын қатты әшкерелейді. Картинаның ақырында көпті көріп, ысылған қарт Левшин бұрынғы қателіктерінен бір жолата қол үзіп, жұмысшы табымен қол ұстасып, күреске шығуға бел байлайды. «Революция отын еш қашан да сөндіре алмайсыңдар» деген сөзінен оның келешекке зор сеніммен қарағандығын айқын көруге болады. Картинада күн санап өсіп келе жатқан жұмысшы табы мен өшуге айналған капиталистердің арасындағы тартыс шебер бейнеленген.

Пьесаны А. М. Горький атындағы театрдың коллективі қойған. Оны экранға түсіруде фильмнің бас режиссері Т. Родионова, операторлар Е. Кирпичев, А. Сысоев, суретші А. Маневич жолдастар елеулі еңбек сіңірген.

**С. ЕСЕНДӘУЛЕТОВ.**

## Қой фермасының қабырға газеті

Қызылэскер қой совхозының № 1 фермасында шығатын «Овцевод» атты қабырға газеті коллективтің сүйсіне оқитын, үнемі шығып тұратын қабырға газеті болып саналады.

...ті делініпті. Оң жақта жазулы тұрған 12 цифрынан фермада шығарылған қабырға газетінің бұл 12 нөмері екендігін көресіз. Төменде әдемі, ұсақ әріптермен жазылған мақалалар орналастырылған.

# Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы Франция, Англия және АҚШ үкметтеріне Совет Үкметінің НОТАСЫ

16 ноябрьде ССР Одағының Сыртқы Істер Министрлігі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселе жөнінде Совет Үкметінің 3 ноябрьдегі нотасына жауап ретінде Франция, Англия және АҚШ үкметтерінің біркелкі нотaларын алды.

26 ноябрьде ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Францияның, Англияның және АҚШ-тың Москвадағы елшіліктеріне Совет Үкметінің жауап нотасын жолдады.

Төменде Франция үкметінің 1953 жылғы 16 ноябрьдегі нотасының тексті және Совет Үкметінің 1953 жылғы 26 ноябрьдегі нотасының тексті жарияланып отыр.

## Франция үкметінің 1953 жылғы 16 ноябрьдегі нотасы

Францияның елшілігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігін өзінің құрметтейтіндігін дәлелдейді және оған мынаны құрметпен хабар етеді:

I.—Франция үкметінің 9 ноябрьде Луганода төрт Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды ұсынып, 18 октябрьде жолдаған нотасына жауап ретінде Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкметінің 3 ноябрьде оған қайтарған нотасын Франция үкметі Американың және Британияның үкметтерімен тығыз байланыс жасай отырып, мұқият зерттеді. Екінші жағынан, Германия федерациялық республикасының үкметімен және Берлиндегі герман өкмет орындарымен консультациялар өткізілді.

II.—Өте-мөте шұғыл халықаралық мәселелерді зерттеу мақсатымен оған жолданылған шақыруды Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі соңғы төрт айдың ішінде үшінші мәртебе қабылдамай қойғандығын Франция үкметі өкініш сезімімен атап көрсетеді. Франция үкметі халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің ең жақсы әдісі — қажырлы және біркелі түрде күш жұмсау жолымен қазіргі қиыншылықтарды, ең алдымен, тығыз шешуді керек ететін қиыншылықтарды дәйекті түрде жоюдың тәсілдерін іздестіру болып табылады деп есептейді. Осы пікірлерге сүйене отырып, Франция үкметі Германия қойып отырған мәселелерді, атап айтқанда, оны еркін қайта біріктіру мәселесін шешу мақсаты үшін және екінші жағынан, Австрияның мемлекеттік договорын жасау үшін төрт Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды ұсынды және Кореяда Саяси конференция шақыруды мүмкін ету мақсаты жолында осы уақытқа дейін күш жұмсап келеді.

III.—Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі, оның 3 ноябрьдегі нотасына қарағанда, Сыртқы істер министрлерінің кеңесін Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрінің қатынасуымен шақыруды көздейді. Бұл арада кеңес пайдасыз және шексіз айтыстар жүргізумен шырмалып қалар еді, ол былай тұрсын, шұғыл сипаттағы нақтылы мәселелерді реттеуде ешқандай ілгері басушылыққа мүмкіндік бермес еді деген өте тамаша концепцияға сүйенеді.

IV.—Францияның үкметі өзінің шақыруына ешқандай шарттарды қоса жалғамайды және мүмкін болғанынша, Совет Үкметінің көзқарасын есепке алып отыруға әрдайым ұмтылуда. Мұның керісінше, Совет Үкметі Сыртқы Істер министрлерінің кеңесін шақыруды алдын-ала толып жатқан талаптарға қоюға батындыруда. Ол талаптардың кейбіреулерінің Европаға ешқандай қатысы жоқ, алайда, Совет Үкметінің пікірінше, европалық мәселелердің зерттелуі тіпті басталмастан бұрын-ақ қанағаттандырылуға тиісті деп танылды. Ол талаптардың тағы басқалары Францияның, Великобританияның және Құрама Штаттардың өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық жоспарларынан бастартуына апарып соғар еді. Совет Одағының кеңеске қатынасу үшін қойып отырған талабы, біздің байқауымызша, Батыс Европаны қорғансыз қалдыру болып табылатын сияқты. Мұндай талаптардың мүлдем қолайсыз болып табылатынын Совет Үкметінің білмеуі мүмкін емес.

V.—Францияның үкметі соңғы Советтік нотадан лажсыз мынадай қорытынды шығарады: Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі дұрыс нәтижелерге қол жеткізе алатын келіссөздерді жүргізе бастауды қазіргі уақытта тілемейді. Алайда, халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін шешу керек болып отырған өте-мөте шұғыл мәселелер жөнінде келісімге жету үшін Францияның үкметі мүмкін болған барлық амалдарды қолдана беруге бел байлап, толық әзір отыр. Сондықтан ол 18 октябрьде Совет Үкметіне жолдаған шақыруды қолдайды, әлгі өмірлік маңызы бар мәселелер жөніндегі келіссөздер нең тұрлым кең келісімге жетуге жол ашар еді, сөйтіп, бүкіл дүние жүзінде шын бейбітшілікті қалпына келтіруге көмектескен болар еді деп берік сенеді.

## Совет Үкметінің 1953 жылғы 26 ноябрьдегі НОТАСЫ

Совет Үкметі Франция үкметінің биылғы жылғы 16 ноябрьдегі Совет Үкметінің 3 ноябрьдегі нотасына жауап ретінде жолдаған нотасын алғандығын растайды.

Франция үкметі өте-мөте шұғыл халықаралық мәселелер жөнінде Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы ұсынысты ССРО Үкметі қабылдамай қойды-мыс деп мәлімдейді. Бұлай деп байымдау шындыққа сай келмейді және Совет Үкметінің 3 ноябрьдегі нотасында айтқанына көрнеу қайшы келеді.

Жалпыға мәлім, бұл нотада Совет Үкметі өте-мөте шұғыл халықаралық мәселелер жөнінде Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы ұсынысты қабыл-

айтылған мәселелерді тізіп өтудің өзі-ақ Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде талқылануға тиісті өте-мөте шұғыл халықаралық мәселелер қатарына Франция үкметінің Европаға қатысы бар белгілі мәселелерді де, Азияға қатысы бар мәселелерді де жатқызатындығын көрсетеді.

Франция үкметі Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде Азиядағы жағдайға қатысы бар мәселелер де қаралуға тиіс деп мойындап отырғандығы себепті, бұл сияқты мәселелерді қарап, реттеуге Қытай Халық Республикасының басқа төрт ұлы мемлекетпен қатар қатысуы керек, мұның өзі әбден табиғи және қажетті болып табылады, деген қорытынды шығады.

Сонымен бірге, тұтас алғанда, халық-

...тап алты мемлекеттің: Францияның, Батыс Германияның, Италияның, Бельгияның, Голландияның және Люксембургтың армиясын құру әрекеті жасалып жатқандығы мәлім. Олай болса, бұл жоспар европалық мемлекеттердің шағын бір тобының армиясын құру мақсатын көздейді, бұл топқа Европа елдерінің көпшілігі енгізілмей қалады. Бұл арада «европалық армия» құрудың басты мақсаты Батыс Германияда тұрақты армияны қалпына келтіруге мүмкіндік беру, оған батыс германиялық армияны жоғарыда айтылған европалық армияның құрамындағы негізгі соғыс күші ретінде енгізу болып табылады. Европалық армия құруды кешегі гитлершілдер және басқа герман реваншистері барынша қолдап отыр, олар өздерінің өйткені, ол міндеттемелердің мақсаты Европада агрессияның жаңа әрекеттерінің алдын алу болып табылады.

Европалық армия құруға қарсы шыға отырып, Совет Одағы жаңа соғыс хауіпінің алдын алу мақсатын көздейді, ал, олай болса, Европада шын мәнісінде хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерін көздейді. Европаның барлық елдерінің қоғамдық құрылысы қандай екендігіне қарамастан, олардың арасында тиісті келісімге келу жолымен европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесу үшін Совет Одағы Европаның барлық басқа елдерімен бірге күш салуға бел байлап, әзір отыр. Егер, Франция мен ССР Одағының және сол сияқты, Европаның басқа

дәрігер А. Гунченко, мал дәрігері Т. Игнатченко және қызметкер Н. Ақпанбетов газетті үнемі жоспарлы түрде шығарып, онда әртүрлі тақырыптарда жазылған мақалаларды орналастырады. Ондағы материалдардың барлығы ықшам, тілі жеңіл, көпшілікке түсінікті.

Қабырғада шағын ғана қабырға газеті ілінген тақта тұр. Оның жоғарғы жағына түрлі түсті бояумен «Овцевод» деген газеттің аты жазылған, одан төмен кішірек әріптермен ферма партия ұйымының газетте шыққан барлық сын мақалалардан партия тобы мен совхоз басшылары тиісті қорытынды шығарып, онда айтылған кемшілікті дереу жоюдың нақтылы шараларын қолданып отырады.

Совхоздағы Қызыл тулы № 1 ферма, Мал қыстатуды үлгілі өткізуде. Бұл табысқа жету жолында «Овцевод» қабырға газеті ферма коллективіне өзінің айқын, түсінікті, жалынды сөздерімен тиісті үлес қосты.

**А. РАМАЗАНОВ.**

## Ұйым қатары өсуде

Облыстық байланыс басқармасы жанындағы ДОСААФ ұйымының мүшелері арасындағы тәрбие жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп келеді. Мұнда ұйым мүшелерінің қатары да жыл санап арта түсуде. Егер өткен жылы ұйымда 15 мүше болған болса, қазір байланыс басқармасының 30-дан астам қызметкерлері ДОСААФ ұйымында мүше болып саналады.

Бұл ерікті қоғамның жергілікті комитеті ПВХО үйірмесін ұйымдастырған болатын. Ұйым мүшелері 40 сағаттық программа бойынша ПВХО значегіне норма тапсырды.

Жуырда ерікті қоғамның есеп беру-сайлау жиналысы өткізілді. Жиналыс комитеттің жыл бойына істеген жұмысына қанағаттанарлық деп баға беріп, 3 адамнан комитеттің жаңа құрамын сайлады.

Үстіміздегі жылы мұнда ДОСААФ мүшелері үшін радио үйірмесін ұйымдастыру қарастырылып отыр.

**С. ШАҒМАНОВ.**

## Кітапты талқылау

Үстіміздегі оқу жылы басталарда Смирнов орта мектебінде оқушылар арасында көрнекті совет жазушыларының шығармаларын оқып, талқылауды ұйымдастырып отыру қарастырылған болатын.

Жуырда мұнда 8 класс оқушылары үшін Н. Носовтың «Витя Малеев мектепте және үйде» деген кітабы бойынша оқушылар конференциясы өткізілді. Оған төменгі кластардың оқу озаттары да қатысты. Конференцияда мұғалима З. Хорольская жолдас баяндама жасап, оқушыларды талантты жазушы Н. Носовтың өмірбаяны мен, творчестволық өсу жолымен таныстырды және кітапты толық талдап берді.

Баяндамадан кейін бірнеше оқушы сөз сөйлеп, талқыланған кітап туралы өз пікірлерін ортаға салды.

**Қ. ӘБДІЛХАЛЫҚОВ.**

## Механизаторлар мектебі

Булаев ауданындағы Чистов астық совхозында облыс совхоздары үшін механизатор кадрларын даярлайтын мектеп жұмыс істей бастады. Қазір тракторшылар мен комбайншылар курсында 150-ден астам адам оқиды. Оқушылар оқу құралдарымен, жатақханамен, тамақпен, киім-кешекпен толық қамтамасыз етілген. Олар ай сайын стипендия алып тұрады.

## Газет, журналдарға жаппай жазылуда

Газет, журналдарға ерте бастан жазылу оларды уақытылы алып отыруды қамтамасыз ететіндігі іс жүзінде байқалып жүр. ...ды еске ала отырып, Совет ауданын... «Борьба за коммунизм» колхозының ...шелері және колхоз интеллигенттері га..., журналдарға октябрь айынан бастап ...зыла бастады. Хат-хабар тасушы М. ...арасенко жолдас колхоз партия ұйымының көмегімен колхозшылар арасында газет, журнал тарату ісін ойдағыдай ұйымдастырды. Соның нәтижесінде берілген ...имит толық меңгерілді.

Осы колхоздағы Григорьевка жетіжылдық мектебінің оқытушылары да 1200 сомның газетіне, 800 сомның журналына жазылды.

**Е. ҚАСЫМОВ.**

## Үлгілі сатушы

«Арал аташ» колхозының (Совет ауданы) дүкен сатушысы Ш. Сұрағанова жолдас ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысына іспен жауап беру үшін күш жұмсауда. Ол мәдениетті совет саудасын өрістете жүргізу жолында қажырлы еңбек ете отырып, товар айналымы жоспарын ай сайын 100—150 процент орындап келеді. Сұрағанова жолдас сатып алушыларға мәдениетті қызмет етеді және тұтынушылардың тілектерін зерттеп, біліп отырады. Соның нәтижесінде ол соңғы үш ай ішінде тұтынушыларға 191.000 сомның товарын сатты.

**Ө. СҰЛТАНОВ.**

...ССРО Үкіметінің ұсынысы Франция үкіметінің ұсынысына дәл келмегендігіне қарамастан, әлгіндей кеңес шақыруға өзінің дұрыс қарайтындығын тағы да растады.

Совет Үкіметі мынаны ұсынды:

«Сыртқы істер министрлерінің кеңесі шақырылып, бұл кеңесте:

1. Францияның, Англияның, Америка Құрама Штаттарының, Қытай Халық Республикасының, Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінен құралған кеңесте халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі шаралар қаралсын.

2. Францияның, Англияның, Америка Құрама Штаттарының және Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінен құралған кеңесте Германия мәселесі, соның ішінде кеңеске әзірліктің барысында жасалған барлық ұсыныстар талқылансын».

Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы өзінің ұсынысын Совет Үкіметі соңғы айлардың ішінде бірнеше рет, атап айтқанда: 4 августа, 28 сентябрьде, 3 ноябрьде жасағандығын Совет Үкіметі еске салу керек деп санайды.

Сонымен, Совет Үкіметі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі шаралар туралы ортақ мәселені және айырықша алғанда —герман мәселесін қарау үшін Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды дәйекті түрде талап етіп келді, өйткені, герман мәселесін шешу Европада хауіпсіздікті қамтамасыз етуге, олай болса, халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдетуге өте тығыз байланысты. Совет Үкіметі ондай кеңесті шақыруды қазіргі уақытта да қажет деп санап отыр. Совет Үкіметінің пікірінше, мұндай кеңес қандай да болса бір мәселені қарау күнібұрын шектелуге тиісті емес, тіпті өте-мөте шұғыл халықаралық мәселелерді қарау мүмкіндігіне шын мәнісінде ие болуға тиіс.

Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі шараларды қарау үшін Францияның, Англияның, АҚШ-тың, ССРО-ның және Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлерінің қатынасуымен герман мәселесін талқылау үшін Францияның, Англияның, АҚШ-тың және ССРО-ның Сыртқы істер министрлерінің қатынасуымен кеңес шақыру туралы Совет Үкіметінің ұсынысы бір ғана жалпы мақсатты —халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, атап айтқанда, Европада берік хауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесуді көздейді, ал, мұның өзі герман мәселесін түпкілікті реттеуді керек етеді.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге талпынып отырғандығын Франция үкіметі де мәлімдейді және бұл арада өте-мөте шұғыл мәселелер ретінде Германия мәселесін, Австрияның мемлекеттік договорын жасауды, Кореяда Саяси конференция шақыруға көмектесуді еске салады. Осы жөнінде шаралар қарау керек болатын уақыт жеткендігінің айқын фактісін бекерге шығаруға ешқандай дәлел жоқ. Совет Үкіметінің қажырлы күш жұмсауы да осы мақсатқа бағытталған, ал, мұның мәнісі —Францияның, Англияның, АҚШ-тың, ССРО-ның және Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлерінің қатысуымен өткізілетін кеңес шұғыл іс болып табылады деген сөз.

Нақ сондықтан, тұтас алғанда, халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі шаралар туралы мәселе қарау уақыты жеткендігі былай тұрсын, қайта шұғыл мәселе болып табылатындықтан Совет Үкіметі барлық ұлы мемлекеттерді тегіс қатынастыра отырып, кеңес шақыру керек деп санап келді және солай деп санауда. Францияның үкіметі халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектесу мақсатын өзінің де көздеп отырғандығын мәлімдегендігі себепті, бес ұлы мемлекеттің: Францияның, Англияның, АҚШ-тың, ССРО-ның, Қытай Халық Республикасының кеңесін шақыруға қандай да болса кедергі бөгет болмасқа тиіс тәрізді. Бұл мәселе жөнінде 16 ноябрьдегі нотада айтылатын қарсылықтардың мүлдем түкке тұрғысыздығы да осыдан айқын көрінеді.

ССРО Үкіметі Сыртқы істер министрлерінің кеңесі туралы мәселе жөнінде өзінің 3 ноябрьдегі нотасында баяндалған позицияны қуаттайды.

Мұнымен бірге, ССРО Үкіметі мынаны қайтадан мәлімдейді: Герман милитаризмін қайта тудыруға және Батыс Германияны ремилитарландыруға жол ашатын «европалық армия» дейтінді құру жоспарлары, сол сияқты толып жатқан европалық мемлекеттердің жерінде шетелдік соғыс базаларының жасалуы, сөйтіп, европалық басқа мемлекеттердің хауіпсіздігіне қатер туғызылуы Европада хауіпсіздік сақтау мүдделерімен ешбір сыйыспайды.

Совет Одағының «европалық армия» құрылуына теріс көзқарас білдіріп отырғандығы «Францияның, Великобританияның және Құрама Штаттардың өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық жоспарларынан бастарту» талабы болып табылады-мыс деген Франция үкіметінің 16 ноябрьдегі нотасында айтылатын мәлімдемені дәлелдің қандайынан болса да жұрдай бос сөз деп Совет үкіметі бекерге шығарады, өйткені, ССРО-ның жоғарыда айтылған позициясы әлгі мемлекеттердің өздерінің қарулы күштері туралы мәселені әсте қозғамайды. «Совет Одағының кеңеске қатынасу үшін қойып отырған талабы, біздің байқауымызша, Батыс Европаны қорғансыз қалдыру болып табылатын сияқты» деген көрнеу насихаттық мақсат үшін жасалған мәлімдеменің өзі де ешбір дәлелсіз болып табылады.

«Европалық армия» дейтінді бетке ұстап... агрессиялық мақсаттарына бола жаңа соғыс ашуға әзірлік жүргізуге және бұл соғысқа герман халқын ғана емес, Европаның басқа да халықтарын қатынастыруға ұмтылуда, өйткені, олар европалық армия құруды ол халықтарға еріксіз қабылдатпашқы болып отыр.

«Европалық армия» құрудың мұндай жоспарын жүзеге асыру хауіпі Европаның барлық халықтарына, соның ішінде ондай армия құруға қазір қатынастырылмақшы болып отырған елдердің халықтарына да түсінікті болуға тиіс, өйткені, «европалық армия» дейтінді бетке ұстап, герман милитаризмінің армиясы қайта тудырылып жатқандығы әбден айқын. Европалық армия құру дегеннің мәнісі бірнеше европалық мемлекеттердің агрессиялық тобын құрудан басқа түкті де емес, бұл топ өздерінің құрамына батыс германиялық кекшіл армияны да қосатын қарулы күштерге сүйене отырып, өздерін толып жатқан басқа европалық мемлекеттерге—Совет Одағына, Польшаға, Чехословакияға және басқа елдерге қарама-қарсы қоймақшы. Сайып келгенде, европалық армия құру жоспары Европада бейбітшілікті нығайтуға әсте көмек көрсете алмайды. Мұндай жоспар Европаның бір бөлегін сол Европаның екінші бөлегіне қарама-қарсы қоюшылық болып табылады. Мұның өзі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге жеткізе алмайды, қайта Европа елдерінің арасындағы қайшылықтарды өршітуге, сөйтіп, жаңа соғыс авантюралары хауіпін күшейтуге себепші болады. Сонымен, Европада бейбітшілік күштері үшін өте-мөте хауіпті болып табылатын герман милитаризміне жол беруші европалық армияның құрылуы дүниежүзілік жаңа соғыс хауіпін төндіреді, бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтары мұнымен санаспай отыра алмайды.

«Европалық армия» дейтінге қарсы шыға отырып, Совет Үкіметі мұндай армияның құрылуы Европада хауіпсіздікті нығайтуға ешбір көмектесе алмайды, қайта бұған қарама-қарсы нәтижелерге сөзсіз апарып соғады дегенге сүйенеді. Мұндай армияның құрылуы «қорғансыз Батыс Европа» болуына да жол бермеу ниетіне ешбір қатысы жоқ, өйткені, Батыс Европаға ешкім қатер туғызып отырған жоқ.

Батыс Европа елдерінің хауіпсіздіті Батыс Европаның елдерін Шығыс Европа елдеріне қарама-қарсы қоюға негізделмей, қайта Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде барлық европалық елдердің күш жұмсауы ниетіне негізделген болса, Батыс Европа елдерінің хауіпсіздігі берік болады. Бұл күш жұмсаулар тиісті мемлекеттердің бұдан бұрын алған міндеттемелеріне сүйене алады және сүйенуге тиіс, ...ті қамтамасыз ету мақсаттарына сай келетін болса, барлық европалық елдер үшін бұл хауіпсіздік толық қамтамасыз етіле алады. Мұның өзі Европада хауіпсіздікті нығайту үшін өте үлкен маңызы бар герман мәселесін Германияны демократияшыл және бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде қайтадан біріктіріп, тәуелсіз ету мүдделерін жүзеге асыратын болып шешуді де көздейді.

Осы айтылғанның бәрі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: Франция мен ССРО үкіметтері бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға ұмтылып отырғандығы себепті олар тұтас алғанда халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі шаралар туралы мәселені, сол сияқты, Европада хауіпсіздік орнату туралы айырықша мәселені шұғыл қарау мақсатын көздеуге тиіс және Германия мәселесін тиісті дәрежеде шешулері керек. Совет Үкіметінің 3 ноябрьдегі нотасында баяндалған ұсыныстардың мәні нақ осы болып табылады.

Алайда, ССРО мен Франция арасында, сол сияқты, Англия мен АҚШ арасында ноталар алысып-берісу осы уақытқа дейін жоғарыда айтылған ұсыныс жөнінде ортақ көзқарас белгілеуге жеткізбегендігі себепті, бұл мәселені Сыртқы істер министрлерінің тиісті кездесуінде кезінде талқылау керектігі пайда болып отыр. Бұл арада Совет Үкіметі Франция үкіметінің 16 ноябрьдегі нотасында Францияның, ССРО-ның, Англияның және АҚШ-тың Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне өзінің қатынасатындығын ешқандай алдын-ала шарттар қоюмен байланыстырмайтындығы туралы мәлімдемесін еске алады. Англия мен АҚШ-тың үкіметтері де дәл осындай мәлімдемелер жасады.

Толғағы жеткен халықаралық мәселелерді мейлінше тез реттеуге көмектесу талабына ұмтыла отырып, Совет Үкіметі Францияның, ССРО-ның, Англия мен АҚШ-тың Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне қатынасуға өзінің әзір екендігін білдіреді.

Совет Үкіметі мынаны мәлімдеуді керек деп санайды: жоғарыда айтылған пікірлер бойынша бұл кеңесті Совет Үкіметі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету мақсатымен таяу уақыттың ішінде Францияның, Англияның, АҚШ-тың, ССРО-ның және Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселе көтереді.

Совет Үкіметінің пікірі бойынша, төрт мемлекеттің Министрлері кеңесін шақыруға қолайлы орын Берлин қаласы бола алар еді.

Совет Үкіметі дәл осындай ноталарды Англия мен АҚШ үкіметтеріне де жолдады.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.

УШ 02846. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.